

КОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ-ИНТЕРНАТЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ
ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ-ИНТЕРНАТ ИМЕНИ
ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ
ОБЛАСТИ

БҮЙРЫҚ

2024 жыл 29 тамыз

№ 398

2024-2025 оқу жылына педагогикалық, әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестік, шығармашылық топтары, озық тәжірибе мектебі, жас маман мектебінің ережелерін бекіту туралы

Костанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия- интернаты» КММ шығармашылық қызметтінің зандалық қағидатын қамтамасыз ету мақсатында

БҮЙЫРАМЫН:

1. 2024-2025 оқу жылына Педагогикалық кеңес туралы Ережесі бекітілсін (*қосымша 1*).
2. 2024-2025 оқу жылына Әдістемелік бірлестіктің Ережесі бекітілсін (*қосымша 2*).
3. 2024-2025 оқу жылына Әдістемелік кеңес туралы Ережесі бекітілсін (*қосымша 3*).
4. 2024-2025 оқу жылына Шығырмашылық тобы туралы Ережесі бекітілсін (*қосымша 4*).
5. 2024-2025 оқу жылына Озық тәжірибе мектебі туралы Ережесі бекітілсін (*қосымша 5*).
6. 2024-2025 оқу жылына Жас маман мектебі туралы Ережесі бекітілсін (*қосымша 6*).
7. Осы бүйрыктың орындалуын бакылауды өз атыма қалдырамын.

Негіздеме: 2024 жылдың 29 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің қаулы

Директор



Ы.Келинбердиева

Қостанай облысы білім басқармасының
«Ы. Алтынсарин атындағы
мамандандырылған мектеп-интернаты»
КММ директорының 2024 жылғы 29
тамыздағы № 398 бүйрүгіна
Қосымша 2

Әдістемелік бірлестіктің Ережесі

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Әдістемелік бірлестік оқу-тәрбие, әдістемелік, тәжірибелік- эксперименттік және сыйыптаң тыс жұмыстың бір немесе бірнеше өзара байланысы бар үксаң оқу пәндердің білім беру мекемесіндегі негізгі құрылымдық белімі болып табылады.
- 1.2. Әдістемелік бірлестіктер мектепте бір пәннен кемінде 3 мұғалім болған жағдайда құрылады. Әдістемелік бірлестік құрамына бір-бірімен шектес және жақын пән мұғалімдері кіреді. Білім беру мекемесінде сонымен катар тәрбиешілердің де әдістемелік бірлестіктері құрылады.
- 1.3. Әдістемелік бірлестіктің саны білім беру мекемесінің алдына қойған кешенді міндеттеріне байланысты анықталып, директордың бүйрүгімен бекітіледі.
- 1.4. Әдістемелік жұмыс жөніндегі директор орынбасарының ұсынысымен білім беру мекемесінің директоры әдістемелік бірлестікті ашады, қайта құрады, таратады.
- 1.5. Әдістемелік бірлестік тікелей директордың әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасарына бағынады.
- 1.6. Оқу-әдістемелік жұмыс Қазакстан Республикасының Конституциясын және қолданыстагы Зандарын, оқушыны оқыту мен тәрбиелеу мәселеісімен айналысадын барлық денгейдегі білім басқармасы үйымдарының және мектептің Жарғысы мен директордың бүйрүктериң басшылықка алады.

II. Әдістемелік бірлестік қызметінің бағыты мен міндеттері

Мектептегі әдістемелік бірлестік білім беру мекемесіндегі белгілі бір міндеттерді шешу үшін құрылған құрылымдық белім. Әдістемелік бірлестіктің жұмысы мұғалімнің көсіби потенциалын тиімді қолдану және тиісті оқу пәндерінің оқыту әдісін жетілдіруді үйлестіріп дамыту және осының негізінде – білім беру үдерісін жақсарту.

Әдістемелік бірлестік:

- оқушының оқу мүмкіндігін, білім беру үдерісінің нәтижесін, сонымен бірге пән бойынша оқудан тыс жұмыстарды талдайды;
- білім беру үдерісін қажетті әдістемелік - бағдарламалық кешенмен қамтамасыз етеді;
- пән мұғалімдеріне накты әдістемелік көмек көрсетуді жоспарлайды;
- әдістемелік семинарды және әдістемелік жұмыстың басқа да формаларын үйімдастырады;
- пән кабинеттерінің жабдықталуын жоспарлайды және талдайды;
- оқушылардың аттестация аралық материалын келіседі;
- қажет болған жағдайда оқушының білімділік нәтижесіне оқу материалының минимум көлемі мен мазмұнына койылатын талапты келіседі;
- мұғалімдердің оқу бағдарламасына енгізетін алғашқы сараптау өзгерісін жүргізеді;
- пәнді оқыту тәжірибесін зерттейді және жинақтайды;

- оқушылардың пән бойынша сыйыптан тыс жұмысын үйімдастырады;
- мұғалімге комек ретінде әдістемелік ұсынысты дайындауға шешім қабылдайды;
- оқушыларға және онын ата-аналарына тиісті пәнді жаксы менгеру, оку еңбегінің мәденистін арттыру мақсатында әдістемелік ұсыныс жасауды үйімдастырады;
- мұғалімдерге кәсіби біліктілігін арттырудың әртүрлі формасын ұсынады;
- іс тәжірибесі аз және жас ұстаздарға тәлімгерлер жұмысын үйімдастырады;
- сайыс, олимпиада, пән апталығының (айлық) ережесін жасап және оның откізілуін үйімдастырады

III. Әдістемелік бірлестік жұмысының негізгі формасы

- 3.1. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің проблемасы бойынша педагогикалық эксперимент өткізу және оның нәтижесін білім беру үдерісіне енгізу;
- 3.2. Оку -әдістемелік сұрақтар бойынша «Денгелек стол», семинар және отырыс, мұғалімдердің шығармашылық есепі;
- 3.3. Оқушылардың оку және тәрбие әдісінен сұрақтары бойынша әдістемелік бірлестіктің отырысы;
- 3.4. Пән бойынша ашық сабактар мен сыйыптан тыс шаралар;
- 3.5. Жалпы педагогика мен психология сұрақтарынан, оқыту және тәрбие әдістерінен лекция, баяндама, хабарлама, және талқылау;
- 3.6. Оку –тәрбие процесінде нормативтік күжаттар мен озық педагогикалық тәжірибелі зерттеп, іс жүзіне асыру;
- 3.7. Пән апталығы мен әдістемелік күнді өткізу.
- 3.8. Өзара сабакқа катысу.

IV. Әдістемелік бірлестік жұмысының тәртібі

- 4.1. Әдістемелік бірлестік мүшелерімен келісіп тәжірибелі педагогтан мектеп директоры әдістемелік бірлестік жетекшісін тағайындауды. Ол әдістемелік бірлестік төрагасы қызметін атқарады.
- 4.2. Әдістемелік бірлестіктің жұмысы ағымдағы жылдың жоспарына сәйкес жүргізіледі. Жоспарды әдістемелік бірлестіктің төрагасы жасайды, оны әдістемелік бірлестік отырысында қарастырады, директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарымен келісіп, мектептің әдістемелік кенесінде бекітеді.
- 4.3. Әдістемелік бірлестіктің отырысы тоқсанына бір рет өткізіледі. Әдістемелік бірлестіктің өткізу үақыты және орны туралы директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарына алдын ала айтуды керек.
- 4.4. Отрыста қаралып, талқыланатын әр сұракка ұсыныс қабылданып, ол хаттама кітабына жазылады. Ұсыныска әдістемелік бірлестіктің төрағасы қол кояды.
- 4.5. Қарастыратын сұрақтар басқа әдістемелік бірлестікке катысы болса, онда отрысқа оның төрағасы шақырылады.
- 4.6. Мектептің әдістемелік жұмыс жоспарына және мектепшілік бақылауга сәйкес әдістемелік бірлестіктің жұмысына бақылауды мектеп директоры, директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары іс жүзіне асырады.